

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы мамандарды дайындаудың 8D02310 (6D020500) – Филология білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша диссертациялық кеңесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 29 наурыздағы № 141 бұйрығымен ашылды.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 2 тамыздағы №15 хаттамасымен диссертациялық кеңестің құрамы бекітілді. Диссертациялық кеңестің төрағасы болып филология ғылымдарының докторы, доцент Боранбаев Сандыбай Режепұлы тағайындалды.

### 1. Откізілетін отырыстардың саны туралы деректер.

2024 жылы диссертациялық кеңесте 8 отырыс болды, оның ішінде философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация жұмыстарын қорғау бойынша – 4.

### 2. Отрыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі – 4.

Аты- жөні	Оқу орны	Мамандық шифрі	Корғау күні	КР ЕжЖБМ ЕжЖБССКЕК шешімі, № бұйрығы
Серкебаева Гаухар Искакбековна	М.Ауэзов атындағы ОҚУ	8D02310 (6D020500) – Филология	18.12.2024 ж.	-
Айткулова Гулмира Арипхановна	М.Ауэзов атындағы ОҚУ	8D02310 (6D020500) – Филология	20.12.2024 ж.	-
Базарбеков Бақберді Мұратәліұлы	М.Ауэзов атындағы ОҚУ	8D02310 (6D020500) – Филология	27.12.2024 ж.	-
Амиррова Гаухар Оразбаевна	М.Ауэзов атындағы ОҚУ	8D02310 (6D020500) – Филология	27.12.2024 ж.	-

**4. Есепті жыл ішінде Кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау.**

**4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау:**

**1. Серкебаев Гаухар Искакбековна диссертациясы** 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Кодекс Куманикус жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабактастыры» тақырыбында орындалған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы жұмыста алынған жаңа нәтижелердің жиынтығымен анықталды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жалпы өлемдік лингвистика тарихына, түркітану ғылымы, тарихи лексикология, семасиология, фонохронология, терминология сияқты салалық тармақтарына сүбелі үлес қоса алады. Кодекс Куманикус тарихи жәдігерінің лексикасы алғаш рет кешенді түрде қазақ тілімен салыстырмалы түрде талданып, синхронды-диахронды зерттеу нәтижелерін ұсынады.

**2. Айткулова Гулмира Арипхановнаның диссертациясы** 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбеккорлық\жалқаулық» концептілері» тақырыбында орындалған.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы:**

1. Адам өмірінде маңызды қызмет атқаратын еңбек және еңбегі жоқтық әркеттерін сипаттайтын «еңбеккорлық//жалқаулық» концептеріне алғаш рет концептуалдық талдау жасалынды;

2. Еңбеккорлық//жалқаулық концептерінің танымдық қызметін аныктайтын қол, бақыт, байлық, жұмыс, адаптация, кедей, бойкүйез, талапсыз, қу, жатыпшер, еріншек базалық концептер когнитивті түрғыда зерттеліп, зерттеу тақырыбымызға қатысты өзіндік белгілері анықталды;

3. «Еңбеккорлық//жалқаулық» концептерінің лингвомәдени теориясы жасалды, күрылымдық моделі және оның мәдени қабаты анықталды;

4. Қазақ тіліндегі «еңбеккорлық\жалқаулық» концептерінің негізгі когнитивтік болмысын ашатын лексемалар анықталды, оның тарихи мәні даму және қазіргі уақыттағы тілдік ерекшеліктері анықталды;

5. Қазақ тіліндегі «еңбеккорлық\жалқаулық» концептерінің когнитивті дискурстағы (мақал-мәтеддер, фразеологиялық бірліктер, проза, поэзия) танымдық, тілдік ерекшеліктері анықталды.

**3. Базарбеков Бақберді Мұратәліұлы диссертациясы.** 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақ топонимдері мен этномәдени атауларының когнитивтік сипаты» (Ақселеу Сейдімбек шығармалары бойынша) атты тақырыпта дайындалған.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** - Ақселеу Сейдімбек еңбектеріндегі топонимдер мен этномәдени атаулар алғаш рет когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология түрғысынан зерттелді;

- ғалым-қаламгер шығармаларындағы топонимдерді зерттеуде когнитивтік, семиотикалық, лингвомәдени аспектілер қарастырылды;
- ұлттық топонимдік кеңістіктегі атаулар когнитивтік базаның білімдер жүйесін құраушы, сақтаушы, таратушы құрылым ретінде ғалым еңбектері негізінде алғаш рет кешендік сипатта қарастырылды;
- топонимдердегі аңыз бер ақиқат халықтық этимологиямен сабактастықта қарастырылды;
- топонимиялық аңыз-әңгімелердегі некронимдердің тарихи-мәдени көріністері танымдық түрғыда сипатталды;
- көшпелілер әлемінің этномәдени ерекшеліктеріне когнитивтік категория ретінде сипаттама берілді;
- зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижесі ретінде «уақыт пен кеңістік»этномәдени түрғыдан категорияланды, концептуалданды, түрлі ментальді қабаттары анықталды;
- зерттеу барысында материалдық мәдениеттің символдық мәні анықталды, моральдық-этикалық қалыптардың репрезенттелеу негіздері қаланды.

**4. Амирова Гаухар Оразбаевнаның диссертациясы.** 8D02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде)» тақырыбында дайындалған.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктері, дауысты және дауыссыз дыбыстардың сез ішіндегі қолданысы, дауысты дыбыстардың буын құрау қабілеті, дыбыстардың сәйкесуі, фонетикасының қазіргі қазақ тілінен өзгешелігі мен ұқсастықтары және фонетикалық құбылыстар анықталды;
- ескерткіш тіліндегі антоним, омоним, синоним сөздер ажыратылып, ғылыми дәйектер арқылы дәлелденді. Сондай-ақ, кірме сөздер анықталып, олардың кірігу себептері ажыратылды. Нәтижесінде, араб, парсы, монгол тілдерінен енген кірме сөздер анықталды;
- сөздердің морфологиялық тұлғасы, қосымшалардың ескерткіш тіліндегі көрінісі, жалғау мен жұрнақтың түрлері, ерекшелігі нақтыланып, сөздер сез таптарына ажыратылды;
- ескерткіш тіліндегі сез тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері, байланысу түрлері анықталып, есімді, етістікті сез тіркестеріне ажыратылып, қолжазба тілінің синтаксистік ерекшелігі анықталды; алғаш рет ескерткіш тілінің жай сөйлем және оның мағыналық түрлері анықталды;
- ескерткіш тіліндегі саны көп лексемалар сез таптарына топтастырылып, сөздерге тарихи-лингвистикалық түсініктемелер берілді. Сондай -ақ, алғаш рет Н.Н.Поппе ұсынған «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі Йозгат, Париж, Шүштер нұсқаларымен салыстырылды;

- сөздіктегі түркі сөздерін қазіргі қазақ әліпбі бойынша транскрипцияланды, нәтижесінде сөздік түзілді.

**4.2 Диссертациялық жұмыстардың тақырыптарының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырыған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы**

**1. Серкебаева Гаухар Искакбековна диссертациясы** – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, бюджеттік F3Ж-21-01-11 «Қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары аясында орындалған. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында (әсіресе 5.3.5 бөлімінде «Қазақстанның тарихи мұрасы мен құндылықтары» және 5.3.6 бөлімінде «Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің ортақтығы») маңызды бастамалар қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы сынды ғылымды дамыту бағыттарымен байланысты әзірленген.

**2. Айткулова Гулмира Арипхановна диссертациясы.** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, бюджеттік F3Ж-21-01-11 «Қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары аясында орындалған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыруды көздейтін ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» жобасы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы сынды мемлекеттік бағдарламалар мен жекелеген зандарға сәйкес келеді.

**3. Базарбеков Бақберді Мұратәліұлының диссертациясы** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, бюджеттік F3Ж-21-01-11 «Қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары аясында орындалған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында (әсіресе 5.3.5 бөлімінде «Қазақстанның тарихи мұрасы мен құндылықтары» және 5.3.6 бөлімінде «Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің ортақтығы») сынды бағыттарды баасшылықта алған.

**4. Амирова Гаухар Оразбаевнаның диссертациясы** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, бюджеттік F3Ж-21-01-11 «Қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелері» атты ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары аясында орындалған.

#### **4.3 Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің практикалық құндылығын талдау.**

**1. Серкебаева Гаухар Искакбековнаның** зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның материалдары түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, тарихи сөздігі, этимологиялық сөздігін құрастыруда дереккөз бола алады. Жоғарғы оқу орынының филология, түркология білім беру бағдарламаларының білім алушыларына «Қазақ тілінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Тарихи лексикология», «Текстология», «Тарихи грамматика», «Орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Қыпшақтану», «Тарихи фразеология», «Лексикография», «Лингвистикалық дереккөзстану» пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар жазуда қосымша материалдар ретінде қолдануға болады.

**2. Айткулова Гулмира Арипхановнаның диссертациясын** еңбекқорлық//жалқаулық концептердің когнитивті лингвистика контекстінде зерттелуі барысында «Поэтикалық мәтіндердің концептуалдық құрылымы», «Көркем мәтінді концептуалдық талдау», «Концептілік құрылымдардың фразесемантикалық ерекшеліктері» атты лекция курсары мен когнитивті лингвистика, танымдық семантика бағытында оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

**3. Базарбеков Бақберді Мұратәліұлының диссертациясы.** Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар танымдық семантика, топонимика, этнолингвистика, семиотика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. ғылыми пәндердің нысанындағы теориялық мәселелерді айқындауға жәрдемін тигізеді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарын дайындауға, қаламгер-ғалымның шығармашылығын оқытуға, топонимика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, фольклор пәндері бойынша өткізілетін арнайы курсар мен семинарларда қолдануға болады.

**4. Амирова Гаухар Оразбаевнаның диссертациясы.** Зерттеу жұмысы «Түркітану», «Қазақ тілінің тарихы», «Тарихи грамматика», «Қазақ жазуының тарихы», «Орта ғасыр жазба ескерткіштері» пәндерін оқытуда өзіндік үлесін қоса алады.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен) -** Жоғарыда аталған диссертациялық жұмыстар рецензенттер тарапынан жан-жақты талдау жұмыстары жүргізілді және зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жұмыстардың ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысын қамтитын талаптарға сәйкес пікірлер ұсынды. Диссертациялық жұмыстарды рецензиялау кезеңінде рецензенттер тарапынан сапасыз пікірлер анықталған жоқ.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі**

**ұсыныстар** - Диссертациялық кеңестер құру кезінде Мемлекеттік тапсырыстар бойынша бакалаврлар, магистранттар мен докторанттарды даярлау жүзеге асырылатын жоғары оку орындарына басымдық беру тиіс.

**7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны.**

1. қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 4 ;

2. қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ;

3. рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар - жоқ;

4. қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ;

5. пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ;

6. қайта қорғауга жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы, ф.ғ.д., доцент

Диссертациялық кеңес хатшысы,  
философия докторы (PhD)



Боранбаев С.Р.

Таджиев Х.Х.

10.01.2025